

Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 15 қаңтарға және 10 шілдеге Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 25 шілдеге Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 27 қаңтардағы
N 68 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен
қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның паспорты

Атауы

Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен
қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған

бағдарламасы

Өзірлеу үшін негіздеме

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен
бекітілген Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.3.1.тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі

іс-шаралар жоспарының 5.1.1.тармағы

Әзірлеуші-мемлекеттік Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
орган әлеуметтік қорғау министрлігі

Мақсаты Өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету,
жұмыссыздық деңгейін төмендету

Міндеттері Халықты жұмыспен қамту деңгейінің өсуін
ынталандыратын шараларды жүзеге асыру;
нысаналы топтарды жұмыспен қамтуға
ж ә р д е м д е с у ;
халықты жұмыспен қамту саясатын ақпараттық
қ о л д а у ;
жұмыспен қамту саласындағы нормативтік
құқықтық базаны жетілдіру

Қаржыландыру көлемі Бағдарламаны қаржыландыру жергілікті
және көздері бюджеттердің 10861,2 млн. теңге
көлеміндегі қаражаты есебінен жүзеге
асырылатын болады, оның ішінде:
2005 жылы - 3251,5 млн. теңге;
2006 жылы - 3282,5 млн. теңге;

2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.

Бағдарламаны іске Бағдарламаны іске асыру:
асырудан күтілетін 902,1 мың жұмыс орнын, оның ішінде:
нәтиже 2005 ж. - 705,0 мың, 2006 ж. - 158,8 мың,
2007 ж. - 38,3 мың жұмыс орнын құру;
460,4 мың адамды жұмысқа орналастыруға
жәрдемдесу, оның ішінде: 2005 жылы - 184,7
мың, 2006 жылы - 137,4 мың, 2007 жылы -
1 3 8 , 4 м ы ң ;
347,2 мың адам үшін қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыру, оның ішінде: 2005 жылы -

123,6 мың, 2006 жылы - 111,6 мың, 2007 жылы - 112,0 мың;
73,0 мың жұмыссызды кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 25,3 мың, 2006 жылы - 23,9 мың, 2007 жылы - 23,8 мың;
нысаналы топтар үшін 22,7 мың әлеуметтік жұмыс орындарын құру, оның ішінде: 2005 жылы - 5,4 мың, 2006 жылы - 8,4 мың, 2007 жылы - 8,9 мың;
ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер үшін клубтық жұмыс ұйымдарын қаржыландыруға 14,0 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 1,0 млн. теңге, 2006 жылы - 4,1 млн. теңге, 2007 жылы - 8,9 млн. теңге;
білім беру ұйымдарының түлектерін жастар практикасы арқылы жұмысқа орналастыруды қаржыландыруға 182,3 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 43,6 млн. теңге, 2006 жылы - 59,8 млн. теңге, 2007 жылы - 78,9 млн. теңге;
2007 жылдың аяғына қарай жұмыссыздық деңгейін 7,2 пайызға дейін төмендету есебінен еңбек рыногындағы шиеленісті төмендетуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі 2005 - 2007 жылдар
Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.12. N 540 қаулысымен.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жұмыссыздықтың өсуінің алдын алу, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және өнеркәсіптік өндірістің инновациялық дамуының, аграрлық саланың жоғары білікті кадрларға қажеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ заңды сектордағы халықтың жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күші сапасының артуы, жұмыс күші ұсынысы мен жұмыс орындары санының теңгерімділігі, ұлттық еңбек рыногын қорғау жолымен өнімді жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мақсатында әзірленді.

Бағдарлама республикада соңғы жылдары қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалды, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтудың өңірлік бағдарламаларында көзделген жұмыссыздықты азайту жөніндегі шараларды ескереді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне ықпалдасуға бағдарланғанын назарға ала отырып, Бағдарлама 2003 жылы Халықаралық Еңбек Ұйымы мақұлдаған Жаһандық жұмыспен қамту бағдарламасында және 2002 жылғы Еуразиялық жұмыспен қамту хартиясында қамтылған тәсілдерді ескере отырып әзірленді.

Бағдарлама 2005-2007 жылдардағы кезеңде шешілетін міндеттердің тізбесін айқындайды, бұл міндеттерді шешу тетіктері мен одан күтілетін нәтижелерді қамтиды.

Бағдарлама экономика саласындағы жаңа жұмыс орындарының құрылуы арқылы өнімді жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуге және кәсіпкерлік қызметті және өзін-өзі жұмыспен қамтуды, жұмыс күшінің сапасын арттыруды қолдауға және рыноктағы бәсекелестік қабілеттің өсуіне, нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларға бағытталған еңбек рыногындағы белсенді саясатты жүзеге асыруға ықпал ететін болады.

Бағдарламаны әзірлеу үшін "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған және Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары негіз болып табылады.

1-бөлім. Еңбек рыногының қазіргі жай-күйін талдау

Соңғы жылдары еңбек рыногындағы жағдай жұмыссыздық деңгейінің төмендеуімен және жұмыспен қамтылған халық санының артуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің алдын ала деректері бойынша республика экономикасында 2004 жылы 7,2 млн. адам жұмыспен қамтылған, бұл осының алдындағы жылғыдан 180,7 мың адамға немесе 2,6% артық.

Жұмыспен қамтылғандар арасында 62,2% (4,5 млн. адам) - жалданбалы қызметкерлер, 37,8% (2,7 млн. адам) - өзін өзі жұмыспен қамтылғандар.

Жұмыссыз халықтың саны 657,4 мың адамды құрады, бұл 2003 жылға қарағанда 14,7 мың адамға немесе 2,2%-ға кем.

Жұмыссыздық деңгейі 8,4% болды және 2003 жылмен салыстырғанда 0,4%-ға қысқарды.

Тіркелген жұмыссыздар үлесінің азаю үрдісі байқалады. Олардың саны 2003 жылмен салыстырғанда 25,1 мың адамға азайды және 117,7 мың адам болды.

Жұмыссыздар құрылымындағы әрбір екінші адам - әйел, әрбір үшінші адам - 15-39 ж а с т а .

Жұмыспен қамту проблемасы шағын қалалар мен тоқыраған ауылдық өңірлерде аса ө т к і р б о л ы п о т ы р .

Республикада еңбек рыногы жай-күйінің мониторингі үшін облыстар, қалалар мен аудандар бөлінісінде жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың тіркелуін көрсететін деректер базасы құрылды. Сапа мен ұсыныстың кәсіптік-біліктілік құрылымының сәйкессіздігі және халықтың еңбек ұтқырлығының төмен болуы себепті жергілікті еңбек рыноктарындағы жұмыс күшінің бір мезгілдегі тапшылығы жағдайында қазіргі уақытта Қазақстанда оған сұраныстың жеткілікті екенін талдау дәлелдеп отыр. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдардың ай сайынғы бос орындар банкі 15-17 мың бірлікті құрайды. Бірақ кәсіптік белгісі бойынша жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігінен айына бір бос жұмыс орынынан орта есеппен 7-10 жұмыссыз үміттенеді.

Білім беру қызметтерінің рыногы сұраныстың өзгеруіне шұғыл әсер етуге дайын болмады, бұл білікті жұмысшы кадрлары тапшылығының проблемасын шешуге және жұмыс күшіне деген ұсыныс пен сұраныстың сәйкессіздігін жоюға мүмкіндік бермейді.

Кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламаны, Ауыл жылын өткізу жөніндегі іс шаралар жоспарын іске асыру барысында еңбек рыногындағы белсенді шаралардың нәтижелері жақсарды. 2004 жылы елімізде 220,4 мың жұмыс орыны, оның ішінде 50% - ауылдық жерлерде құрылды. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдардың көмегімен өтінішпен келгендердің әрбір екіншісі (2003 жылғы 154,6 мыңмен салыстырғанда 167,5 мың адам) жұмысқа орналастырылды. Жұмыспен қамту органдарына өтінішпен келген азаматтардың жартысынан көбі қоғамдық жұмыстарға қатысады. Жұмыссыздардың едәуір саны оқуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберілді. 2004 жылы ғана 26,9 мыңнан астам жұмыссыз оқуын және қайта даярлауды тәмамдады.

Сонымен қатар, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саясатын іске асыруда белгілі бір проблемалар да бар. Жаңа жұмыс орындарын құру қарқыны көбінесе жұмысқа орналасқан жұмыссыздар санының көбеюімен әрдайым сәйкес келмейді, қайта оқытудан өткен жұмыссыздардың үштің бірінен астамы еңбек рыногында өз орынын таба алмайды, қоғамдық жұмыстар өңір үшін де экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағынан әрдайым пайдалы бола бермейді.

Репатрианттарды (оралмандарды) жұмысқа орналастыру проблемасы шешілген жоқ. Талдау бұл бағыттағы жұмысты ұйымдастыруда айтарлықтай кемшіліктер бар екенін дәлелдейді. Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарындағы және Астана және Алматы қалаларындағы оралмандардың жұмысқа орналасу деңгейі орташа республикалық деңгейден екі есеге жуық төмен.

Еңбек рыногындағы өзекті проблемалар:
тиімсіз жұмыспен қамтудың басым болуы;

жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың біліктілік-кәсіби құрылымының с ә й к е с с і з д і г і ;

білікті кадрлардың еңбек әлеуетінің жоғалуы;
кадрлар даярлаудың экономика қажеттіліктеріне сәйкес болмауы;
халықтың жекелеген топтарын (әйелдер, жастар, зейнеткерлік жас алдындағы адамдар, мүгедектер) жұмысқа орналастыру қиындығы;
өңірлік еңбек рыноктарының үлкен сараланымы;
тоқырауға ұшыраған, жұмыс күші артық ауылдық аудандардағы, шағын қалалардағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі;
шекаралас мемлекеттерден келетін жұмыс күшінің заңсыз ағымдары болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамы бойынша 2005-2007 жылдары 826 мың адам жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдарға өтінішпен барады, олардың шамамен жартысы жұмысқа орналастырылатын болады .

2005-2007 жылдары белгіленген квота шегінде тарихи отанына келетін оралмандар қатарынан шамамен 45 мың отбасының құрамында еңбекке жарамды жастағы 100 мыңнан адам келеді деп болжануда, олардың бәрі де жұмысқа орналасуға мұқтаж болады .

2005-2007 жылдардағы кезеңде ІЖӨ өсімі жылына бес пайыз, жұмыссыздық деңгейі 7,2% болған кезде 2007 жылы жұмыспен қамтылғандардың саны 8 млн. адамнан сәл ғана асатын болады .

Жұмыспен қамтудың салалық құрылымын өзгерту жағдайында импорт алмастыруға бағытталған құрылымдық-технологиялық қайта құруға, өнеркәсіп саясатындағы басымдықтарды таңдауға сәйкес, өндірісті әртараптандыру мен жаңа жұмыс орындарын құру, білікті жұмыс күшіне тапшылықтың пайда болуы заңды құбылыс болып т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар шеңберінде жұмыс орындарының жартысынан астамы туризм және инфрақұрылым саласында, 20% астамы өндірістік секторда, шағын және орта бизнесте құрылатын болады деп күтілуде.

Экономиканы құрылымдық қайта құру жұмыс күшіне сұраныс сипатындағы және оның кәсіптік-біліктілік құрамындағы өзгерістерге апарып соғады. Тиісінше, кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың көлемі мен бейіні де өзгеруі тиіс.

Индустриялық даму стратегиясын іске асырумен бірге өнеркәсіпте істейтін адамдар саны да едәуір көбейеді деп күтілуде.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы бейініндегі мамандарға сұраныс артады деп күтілуде.

Мұнайгаз өнеркәсібінің республикадағы көш бастаушылық жағдайына байланысты,

оның даму перспективалары осы саладағы кадрларды даярлау мәселесіне жаңа тәсілдерді талап ететін болады.

Нарық инфрақұрылымы, тұрмыстық және халыққа сервистік қызмет көрсету, көлік, байланыс, мектептегі білім беру, ғылым қызметкерлеріне тұрақты сұраныс болады деп болжанып отыр.

Экономиканың білікті кадрларға қажеттілігі басқару және әкімшілік-өндірістік қамтамасыз ету саласындағы басшылар мен мамандарға деген тұрақты сұраныспен сипатталатын болады. Өнеркәсіп, көлік, құрылыс, байланыс және т.б. кәсіпорындарының менеджмент және шаруашылық қызметін талдау салаларында тікелей жұмыс істейтін мамандарға сұраныс едәуір артады.

Қоғамды ақпараттандырудың дамып келе жатқан процесіне байланысты компьютерлік технологияны игерген білікті мамандарға және техникалық орындаушыларға сұраныс көбейеді. Мүгедектер тарапынан жұмыс орындарына тұрақты сұраныс сақталады.

2-бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін азайту.

Бағдарламаның міндеттері:

халықты жұмыспен қамту деңгейін өсіруге ынталандыратын шараларды жүзеге асыру;

нысаналы топтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
халықты жұмыспен қамту саясатын ақпараттық қолдау;
жұмыспен қамту саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

3-бөлім. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

3.1. Халықты жұмыспен қамту деңгейінің өсуін ынталандыратын шаралар

3.1.1. Экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құру

Жаңа жұмыс орындарын құру:

инвестициялық жобаларды, 2005 - 2007 жылдары мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламаларды іске асыру (902,1 мың жұмыс орны);

нысаналы топтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;
қоғамдық жұмыстарда жұмыспен уақытша қамтуды дамыту жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы заңнамаларын, бос жұмыс орындарын жасыру және нысаналы топтарды қоса алғанда, азаматтардың еңбек құқықтары бөлігінде бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмыс жандандырылады.

**Қазақстан Республикасында мемлекеттік және салалық
(секторалдық) бағдарламалар бойынша 2005-2007 жылдар
кезеңінде құрылатын жұмыс орындарының саны
(жұмыс орындары)**

Р/с N	Экономика салаларының атауы	Жылдар			Жиыны
		2005	2006	2007	
1	2	3	4	5	6
1	Өнеркәсіп	3786	6585	5219	15590
2	Құрылыс	10404	18948	18948	48300
3	Көлік	11204	11451	11976	34631
4	Ауыл шаруашылығы	16012	1718	488	18218
5	Шағын және орта бизнес	100000	100000	-	200000
6	Денсаулық сақтау	52	1010	-	1062
7	Білім беру	397	1296	253	2446
8	Мәдениет	217	133	133	483
9	Туризм	540000	-	-	540000
10	Спорт	1529	1829	1242	4600
11	Басқа салалар	20930	15873	8	36811
	Республика бойынша	705031	158843	38267	902141

3.1.2. Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі жөніндегі шаралар
Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі болуы үшін кәсіптік даярлауды еңбек рыногындағы қажеттіліктерге сәйкес жетілдіру, еңбек рыногындағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныс мониторингі қажет.

Б ұ л р е т т е м ы н а л а р :

еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың және білім беру қызметтері рыногындағы мамандар даярлаудың көлемін, бейіндері мен мерзімдерін болжау; жұмыс берушілердің таяудағы 3 жылда жұмыс күшіне деген қажеттілігін айқындау және кадрлар даярлау жүйесін экономика қажеттіліктерімен сәйкес келтіру мақсатында жұмыс күшіне сұраныс мониторингін жүзеге асыру;

жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау есебінен еңбек рыногындағы бәсекелестік қабілетін арттыру;

бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім берудің Кәсіптер (мамандықтар) жіктемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

кәсіпорындардың әрбір есепті жылдың аяғында жыныстық жасы, кәсіптік және біліктілік белгілері бойынша кадрлар құрамын көрсететін статистикалық есептемесіне (

№ 1-Т, 2-Т-нысандары) өзгерістер енгізу;
оқушылары кәсіптік бағдарлауды дамыту, еңбек рыногында талап ететін кәсіптер, мамандықтар бойынша олардың еңбек қызметіне уәждемесін арттыру көзделеді.

3.1.3. Халықтың әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру

Нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды жүзеге асыру:

әлеуметтік жұмыс орындарын құру;
кәсіптік даярлауға біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға әрі қоғамдық жұмыстарға жіберу кезінде басымдықты құқық;
шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жұмысқа орналастыру;
кәсіптік бағдарлау, хабардар ету, консультациялар беру;
екі-үш аралас кәсіптерге оқыту жолымен бәсекелестік қабілетін арттыру;
мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу;
оралмандарды жергілікті еңбек рыноктарында қалыптасқан ахуалды ескере отырып, әкелу кестесін, қоныстану аудандарын, кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде еңбекке қабілетті адамдардың санын көрсете отырып орналастыру;
нысаналы топтарды жұмыспен қамту мониторингін жүргізу;
бос жұмыс орындары туралы мәліметтер жариялау;
жұмыспен қамту және қылмыстық түзеу жүйесі органдарының өзара әрекет етуі;
жазасын өтеп жүрген адамдарды оқытуды ұйымдастыру мақсатында, еңбек рыногында сұраныс бар кәсіптердің, мамандықтардың тізбелерін қылмыстық-түзеу жүйесі органдарына беру есебінен қамтамасыз етіледі.

3.1.4. Қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту

шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту:
жұмыспен қамтудың икемді нысандарын ұйымдастыру және қызметтердің жеке меншік салаларын дамыту;

дәстүрлі ұлттық кәсіпшіліктің, әсіресе, оңтүстік өңірлерде, ауылдық жерлерде және шағын қалалардағы тамақ шикізатын қайта өңдеуге арналған үйде істейтін және кәсіпшілік өндірістерінің жаңғыруына жәрдемдесу;

жұмыссыздарға материалдық көмек беру жолымен олардың жеке ісін ұйымдастыруына жәрдемдесу;

одан әрі өзін өзі жұмыспен қамту мақсатында жұмыссызды оқуға жіберу есебінен жүзеге асырылатын болады.

3.1.5. Еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру

Еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру еңбек рыногындағы

жұмыссыздардың бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру жолымен оларды кәсіптік даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау арқылы жүргізілетін болады.

3.1.6. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен жетілдіру
2005-2007 жылдары қоғамдық жұмыстардың басым дамуына байланысты жол құрылысы мен оларды жөндеуге, ағаш отырғызуға, елді мекендер мен өңірлердің санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйін жақсартуға, өңірлердің инфрақұрылымын (коммуналдық желілер, телефондандыру, электр тарату желілерінің құрылысы және т.б.), көлік инфрақұрылымын дамытуға арналған қоғамдық жұмыстарды кеңейту мен қайта бағдарлау және әлеуметтік қызметтер көрсету көзделеді.

3.1.7. Жұмыспен қамтудың өңірлік проблемаларын шешуде жергілікті атқарушы орындардың рөлін арттыру жөніндегі шаралар
Жергілікті атқарушы органдар:

бос орындар туралы ақпарат жинау жөніндегі жұмысты жандандыру;
халықты және жұмыс берушілерді еңбек рыногындағы ахуал туралы хабардар ету, буклеттер, жадынамалар, плакаттар тарату арқылы жұмыс іздеуге жәрдемдесу, сондай-ақ бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді жариялау;

жұмыс іздеуде қиындық көретін азаматтарға консультациялар беру;
лайықты жұмыс таңдауға, оның ішінде бос орындар жәрмеңкелерін, жұмыс іздеу клубтарының қызметін ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарға жіберу жолымен жәрдемдесу;

еңбек рыногындағы бәсекелестік қабілеттілікті арттыру мақсатында жұмыссыздарды кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлауға жіберу;

еңбек рыногындағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс мониторингін жүргізу;
жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жаңа жұмыс орындарын құру жолымен іске асыру, нысаналы топтарды қоса алғанда, еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып жұмыссыздарды кәсіптік даярлаудың және қайта даярлаудың сапасын жақсарту, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, қоғамдық жұмыстардың түрлерін кеңейту және қайта бағдарлау;

жұмыс күшін аумақаралық, оның ішінде халықаралық шарттарға сәйкес алмасуды дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

3.1.8. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның қызметін жұмыспен қамтуды реттеу және еңбек рыногы мәселелерінде еңбек делдалдығымен айналысатын жұмыс берушілермен, қоғамдық бірлестіктермен, жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен ықпалдастыру

Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның қызметін жұмыспен қамтуды реттеу және еңбек рыногы мәселелерінде еңбек делдалдығымен айналысатын жұмыс берушілермен, қоғамдық бірлестіктермен, жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен ықпалдастыру:

жұмыспен қамту органдарының жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен және

жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу саласындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-әрекеттерін кеңейту;

ұйым қызметкерлерін өндірісішілік оқыту, сондай-ақ босатылуға жататын қызметкерлерді, олардың еңбек рыногындағы бәсекелестік қабілеті мен кәсіптік ұтқырлығын арттырудың маңызды құралы ретінде, ілгерілеп кәсіптік оқыту жүйесін дамыту;

жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдар, білім беру ұйымдары мен Жұмыс берушілер конфедерациясы арасында Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыру туралы келісім жасасу арқылы білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мәселесі бойынша өзара әрекет ету жолымен жүзеге асырылады.

3.1.9. Инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу кезінде еңбек рыногындағы ахуалды ескере отырып, қосымша жұмыс орындарын ашу

Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларын қарау жолымен инвестициялық бағдарламаларды әзірлеген кезде еңбек рыногындағы ахуалды ескере отырып, қосымша жұмыс орындарын ашу.

3.1.10. Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге: жоғары оқу орнының шәкірті мен жұмыс берушінің арасында жұмысқа орналасуға шарт жасасу;

кәсіптік білім беру орындарын бітіргеннен кейін одан әрі жұмысқа орналастыру перспективасымен жұмыспен қамту органдары арқылы жастар практикасын (тағылымдама мен тәжірибені жұмыс орнында өткізу) ұйымдастыру;

мемлекеттік ұйымдарда немесе жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда жұмыс орнын беру ықпал ететін болады.

Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингі орталықтағы сияқты өңірлік деңгейлерде де жүзеге асырылатын болады.

4-бөлім. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.12. N 540 қаулысымен.

Бағдарламаны іске асыру үшін жергілікті бюджеттердің 10861,2 млн. теңге көлеміндегі қаражаты көзделеді, оның ішінде: 2005 жылы - 3251,5 млн. теңге, 2006 жылы - 3282,5 млн. теңге, 2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.

Бағдарламаны 2007 жылы іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

5-бөлім. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Ескерту. 5-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.12. N 540 қаулысымен.

Осы Бағдарламадан туындайтын іс-шараларды орындау жұмыспен қамту мәселелерін шешуге және жұмыссыздық деңгейін азайтуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру есебінен 2005 - 2007 жылдары:

902,1 мың жұмыс орнын, оның ішінде: 2005 жылы - 705,0 мың, 2006 жылы - 158,8 мың, 2007 жылы - 38,3 мың жұмыс орнын құру;

460,4 мың адамды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оның ішінде: 2005 жылы - 184,6 мың, 2006 жылы - 137,4 мың, 2007 жылы - 138,4 мың;

347,2 мың адам үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, оның ішінде: 2005 жылы - 123,6 мың, 2006 жылы - 111,6 мың, 2007 жылы - 112,0 мың;

73,0 мың жұмыссызды кәсіптік оқуға және қайта даярлауға жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 25,3 мың, 2006 жылы - 23,9 мың, 2007 жылы - 23,8 мың;

нысаналы топтар үшін 22,7 мың әлеуметтік жұмыс орындарын құру, оның ішінде: 2005 жылы - 5,4 мың, 2006 жылы - 8,4 мың, 2007 жылы - 8,9 мың;

ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер үшін клубтық жұмыс ұйымдарын қаржыландыруға 14,0 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 1,0 млн. теңге, 2006 жылы - 4,1 млн. теңге, 2007 жылы - 8,9 млн. теңге;

білім беру ұйымдарының түлектерін жастар практикасы арқылы жұмысқа орналастыруды қаржыландыруға 182,3 млн. теңге жіберу, оның ішінде: 2005 жылы - 43,6 млн. теңге, 2006 жылы - 59,8 млн. теңге, 2007 жылы - 78,9 млн. теңге;

2007 жылдың аяғына қарай жұмыссыздық деңгейін 7,2 пайызға дейін азайту көзделіп отыр.

6-бөлім. Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.12. N 540 қаулысымен.

Р / с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Іске асыру (орындау) мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Халықты жұмыспен қамту деңгейін өсіруге					

ынталандыратын шаралар						
1.1. Экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құру						
1.1.1	Экономиканың түрлі салаларында 902,1 мың жұмыс орындарын құруды қамтамасыз ету, оның ішінде: 2005 ж. - 705,0 мың, 2006 ж. - 158,8 мың, 2007 ж. - 38,3	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	ИСМ, ККМ, ЭМРМ, ДСМ, БҒМ, АШМ, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Токсан сайын	Талап етілмейді	
1.1.2	Нысаналы топтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құру	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, II және IV тоқсан	Барлығы: 687,9, оның ішінде: 2005 жылы - 118,7 2006 жылы - 217,0 2007 жылы - 352,2	Жергілікті бюджет
1.1.3.	Қазақстан Республикасының заңнамаларын, бос жұмыс орындарын жасыру және нысаналы топтарды қоса алғанда, азаматтардың еңбек құқықтары бөлігінде бұзушылықтарды анықтау жөніндегі бақылауды күшейту	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Еңбекминінің аумақтық бөлімшелері	Жыл сайын, II және IV тоқсан	Талап етілмейді	
1.2. Жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігі жөніндегі шаралар						

1.2.1.	Еңбек рыногындағы және білім беру қызметтері рыногындағы көлемдерге, бейіндерге және мамандар даярлау мерзіміне сұраныс пен ұсынысты болжауды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	ИСМ, БҒМ, ЭМРМ, АШМ, К К М , облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің және кәсіподақтардың қатысумен	2006-2007 ж.ж., қараша	Талап етілмейді	
1.2.2.	Жұмыс күшіне сұраныс мониторингін жұмыс берушілердің жұмыс күшіне таяудағы 3 жылға қажеттілігін анықтау және кадрлар даярлау жүйесін экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру мақсатында жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	БҒМ, ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің және кәсіподақтардың қатысумен	Жыл сайын, наурыз	Талап етілмейді	
1.2.3.	Бастауыш, орта және кәсіптік жоғары білім беру кәсіптерінің (мамандықтарының) жіктелмесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Бұйрық	БҒМ	Жыл сайын, желтоқсан	Талап етілмейді	

1.2.4	Мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлануын дамыту, олардың еңбек рыногында талап етілетін кәсіптер, мамандықтар бойынша еңбек қызметтеріне уәжемесін арттыру	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	БҒМ	2006 ж., II тоқсан	Талап етілмейді	
1.2.5.	Кәсіпорындардың, әр есепті жылдың аяғында жынысы, жасы, кәсіптік және біліктілік белгілері бойынша кадрлар құрамын көрсететін статистикалық есептілігіне (N 1-Т, 2-Т нысандары) өзгерістер енгізу	Бұйрық	С А , Еңбекмині	2007 ж., тамыз		
1.3. Халықтың әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру						
1.3.1	Оралмандарды жергілікті еңбек рыногында қалыптасқан кәсіптер (мамандықтар) мен жағдайлар бөлінісінде әкелу кестесін, орналастыру аудандарын, еңбекке қабілеттілерінің санын	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Еңбекминінің Көші-қон комитеті	2005-2007 ж.ж., тоқсан сайын		

	ескере отырып, орналас-тыру				Талап етіл-мейді	
1.3.2.	Нысаналы топтардың жұмыспен қамтылу мониторингі	Қазақ-стан Респу-блика-сының Еңбек-миніне ақпарат	облыстар, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері	Жыл сайын, II және IV тоқ-сан	Талап етіл-мейді	
1.3.3.	Жұмыспен қамту және қылмыстық-түзету жүйесі органдарының өзара іс-қи-мылын нығай-туға бағыт-талған, бас бостандығынан айыру жерле-рінен боса-тылған адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды жүзеге асыру	Қазақ-стан Респу-блика-сының Еңбек-миніне ақпарат	Әділет-мині, облыстар, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері	Тоқсан сайын	Талап етіл-мейді	
1.3.4.	Жазасын өтеп жүрген адам-дарды оқытуды ұйымдастыру мақсатында қылмыстық-тү-зету жүйесі органдарына еңбек рыно-гында сұраныс бар кәсіптер, мамандықтар тізбесін ұсыну	Қазақ-стан Респу-блика-сының Еңбек-миніне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері	Жыл сайын, сәуір	Талап етіл-мейді	
1.4. Қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту						

1.4.1.	Шағын бизнес субъектілеріне пайдаланылмайтын объектілерді, жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін, нысаналы топтардан адамдарды жұмысқа қабылдаудың міндетті шартымен, мүлкіті жалға алуға (жалдауға) беруді қамтамасыз ету	Әкімдер шешімдері	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, IV тоқсан	Талап етілмейді	
1.4.2.	Ауылда шаруашылық жүргізудің дәстүрлі нысандарын, әйелдердің ауылдық жерлерде және шағын қалаларда өзін-өзі жұмыспен қамтуын қамтамасыз ету кәсіпшілікті дамыту	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	ИСМ, АШМ, МАСМ, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2005-2007 ж.ж., тоқсан сайын	Талап етілмейді	
1.4.3.	Қарағанды облысында жұмыссыздарға материалдық көмек көрсету жолымен жеке ісін ұйымдастыруға жәрдемдесу	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Қарағанды облысының әкімі	Тоқсан сайын	Барлығы: 82,1, оның ішінде: 2005 жылы - 30,4 2006 жылы - 24,2 2007 жылы - 27,5	Жергілікті бюджет
1.5. Еңбек рыногындағы қажеттілікті ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік даярлау мен қайта						

даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру	Жұмыспен қамту органының өтінімдері бойынша 73,0 мың жұмыссызды оқуға жіберу және кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру	Әкімдердің шешімдері, Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын	Барлығы: 1365,8, оның ішінде: 2005 жылы - 358,3 2006 жылы - 435,1 2007 жылы - 572,4	Жергілікті бюджет
6. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру	Жол құрылысына, ағаш отырғызуға және өңірлердің инфрақұрылымын дамытуға, әсіресе ауылдық аумақтардағы көлік инфрақұрылымын дамытуға арналған қоғамдық жұмыстарды кеңейту және қайта бағдарлау	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын	Барлығы: 8436,7, оның ішінде: 2005 жылы - 2661,0 2006 жылы - 2518,9 2007 жылы - 3256,8	Жергілікті бюджет
1.7. Жергілікті атқарушы органдардың жұмыспен қамтудың өңірлік проблемаларын шешудегі рөлін арттыру жөніндегі шаралар	Өңірлік ақпараттық	Қазақстан Респу-	Облыстар, Астана және			

1.7.1.	бос орындар базасын толықтыру	бликасының Еңбекминіне ақпарат	Алматы қалаларының әкімдері	Тұрақты	Талап етілмейді	
1.7.2.	Халықты және жұмыс берушілерді буклеттер, жадынамалар, плакаттар тарату жолымен еңбек рыногында ахуал, бос жұмыс орындары туралы хабардар ету	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тоқсан сайын	Барлығы: 5,6, оның ішінде: 2005 жылы - 0,4 2006 жылы - 1,5 2007 жылы - 3,7	Жергілікті бюджет
1.7.3.	Жұмыста ұзақ үзілісі бар немесе жұмыс тәжірибесі жоқ жұмыссыздарды әлеуметтік-еңбекке бейімдеу жөніндегі клубтық жұмысты жетілдіру	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, II және IV тоқсан	Барлығы: 14,0, оның ішінде: 2005 жылы - 1,0 2006 жылы - 4,1 2007 жылы - 8,9	Жергілікті бюджет

1.7.4.	<p>Жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру, оның ішінде: еңбек рыногында жастарды бейімдеу және Астана қаласының оқушылары үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру; жұмыспен қамтудың икемді нысандарын ұйымдастыру жолымен жетілдіру</p>	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Токсан сайын	Барлығы: 67,7, оның ішінде: 2005 жылы - 19,0 2006 жылы - 21,9 2007 жылы - 26,8	Жергі-
--------	---	---	---	--------------	--	--------

						лікті бюджет
1.7.5.	460,4 мың жұмыссызға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2005-2007 ж.ж.	Талап етілмейді	
1.7.6.	Қазақстан Республикасының еңбек рыногындағы ахуалдың мониторингі	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, II тоқсан	Талап етілмейді	
1.8. Жұмыспен қамтуды реттеу және еңбек рыногы мәселелерінде еңбек делдалдығымен айналысатын жұмыс берушілермен, қоғамдық бірлестіктермен, жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның қызметін ықпалдастыру						
1.8.1.	Жұмыспен қамту органдарының жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен және үкіметтік емес ұйымдармен жұмысқа орналастыру	Келісімдер	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, желтоқсан		

	саласындағы өзара іс-әрекетін кеңейту				Талап етілмейді	
1.8.2.	Салалық (тарифтік) келісімдерге кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі мынадай босаған қызметкерлердің біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ескеретін, қызметкерлерді өндірісшілік оқыту жүйесін құру және дамыту; жұмыстан босау катеріндегі жастарды ілгерілеп кәсіптік оқыту; қызметкерлерді кәсіптік даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру үшін материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік базаны жетілдіру (құру) шараларын енгізу	Әкімдердің шешімдері, Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, берушілердің және кәсіподақтардың республикалық бірлестіктерінің қатысуымен	2005-2007 ж.ж., IV тоқсан	Талап етілмейді	
	Жұмыспен қамту, білім беруді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі уәкілетті органдармен және білім беру ұйымда-		Еңбекмині, БҒМ, жоғары оқу орындары, жұмыс			

1.8.3.	рының түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мәселелері жөнінде Жұмыс берушілер конфедерациясымен өзара іс-әрекет ету тетігін әзірлеу	Келісімнің жобасы	берушілердің және кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері	2006 ж., шілде	Талап етілмейді	
1.9. Инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу кезінде еңбек рыногындағы ахуалды ескере отырып, қосымша жұмыс орындарын құру						
1.9.1.	Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларын қарау кезінде қатысу	Ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобасын сараптау	Еңбекмині	Тұрақты	Талап етілмейді	
1.10. Білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу						
1.10.1	Мемлекеттік ұйымдарда немесе жарғы капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан артық ұйымдарда жұмыс орындарын беруге жәрдем көрсету	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, БҒМ, ЭМРМ, ИСМ, ККМ, ЭБЖМ, ДМ, АШМ	Жыл сайын, желтоқсан	Талап етілмейді	
	Өңірлерде білім беру				Барлығы: 182,3,	

1.10.2	ұйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыру мақсатында жастар практикасын тарату	Қазақстан Республикасының Еңбекминіне ақпарат	БҒМ, ДСМ, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	жыл сайын, қаңтар	оның ішінде: 2005 жылы - 43,6 2006 жылы - 59,8 2007 жылы - 78,9	Жергілікті бюджет
--------	---	---	---	-------------------	---	-------------------

Е с к е р т у :

Жергілікті бюджеттен талап етілетін қаражаттың барлығы - 10861,2 млн. теңге, оның ішінде: 2005 жылы - 3251,5 млн. теңге, 2006 жылы - 3282,5 млн. теңге, 2007 жылы - 4327,2 млн. теңге.

2. Бағдарламаны 2007 жылы іске асыруға көзделген шығыстар тиісті қаржы жылына арналған Республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түзетілетін болады.

3. Әріптік аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;

МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі;

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі;

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі.